



ЛЭЙН КИРКЛАНД атындағы СТИПЕНДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Польша-Америка Еркіндік Қоры

Бағдарламаның демеушісі

және

Өзгерту Көшбасшылары Қоры

Бағдарламаның администраторы

Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Украина үміткерлеріне

Лэйн Киркланд стипендиялық бағдарламасының 2018/2019 оқу жылына арналған кезекті сайысын жариялайды.

Бағдарлама Магистр академиялық дәрежесі бар (немесе 5 жыл специалист), өз елінде демократия, экономика, азаматтық қоғам даму саласында жұмыс жасайтын жас көшбасшыларға арналады. Бағдарлама Польшаның университеттерінде 2 семестр оқу (Варшава, Краков, Вроцлав, Познань, Люблин), және мемлекеттік немесе жеке мекемелерде 2-4 апта кәсіби тәжірибе өтуден тұрады.

Бағдарлама біткеннен кейін елдеріне оралып дайындаған диплом жобасын жүзеге асыруға дайын үміткерлерге артықшылық беріледі.

САЛАЛАР:

- Экономика және менеджмент
- Әкімшілік басқару және ұйымдастыру (бизнес, үкіметтік емес мекеме, мәдениет, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау қызметі, білім беру)
- Қоғамдық басқару (мемлекеттік және жергілікті басқару)
- Құқық
- Әлеуметтік ғылымдар (әлеуметтік психология, әлеуметтану)
- Саяси ғылымдар және халықаралық қатынастар
- Даму саясаты және гуманитарлық көмек.

Бағдарлама барысында жазылатын диплом жұмысының ғылыми немесе практикалық өзектілігі болуы тиіс.

ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР:

Стипендия: ай сайын 1800 PLN (тоғыз ай);

Қосымша келесідей шығындар өтеледі (4200 PLN/айына):

- Польшада тұру,
- Медициналық сақтандыру,
- Польшаға келіп-қайту билеті,
- Қоғамдық көлікте жүру ақысы,
- Виза,
- Кітаптар және ғылыми материалдардың құны (2700 PLN/жылына),

- Оқу құны және барлық стипендиаттардың төрт дидактикалық кездесуі,
- Поляк тілін оқу курстары (Қазан-Мамыр).

СТИПЕНДИЯ КЕЛЕСІ БАҒДАРЛАМАЛАРДАН ТҰРАДЫ:

- Бағдарламаның инаугурациясы (2018 жылдың қыркүйегінің ортасы);
- Дайындық-информациялық курсы (10 күн);
- Варшава, Краков, Познань, Вроцлав, Люблин қалаларындағы жетекші академиялық орталықтарында оқу процесі (екі семестр);
- Семестрлік және дипломдық жазба жұмыстарын дайындау;
- Барлық стипендиаттардың төрт дидактикалық кездесуі;
- Жеке даму мен анимация шаралары;
- Кәсіби тәжірибе (2-4 апта), көбіне оқу бағдарламасы аяқталғаннан кейін;
- Бағдарламаның салтанатты жабылуы және диплом тапсыру рәсімі (2019-жылдың маусым айының соңында).

ҮМІТКЕРЛЕР:

2018/2019 оқу жылдың Киркланд Бағдарламасы келесі сала өкілдеріне бағытталады:

- Мемлекеттік қызметшілерге, жергілікті басқару мекемелерінің мамандарына, сарапшылар мен саясаткерлерге;
- Заңгерлерге;
- Кәсіпкер мен менеджерлерге;
- Үкіметтік емес мекеме басқарушылар мен мәдениет саласының майталмандарына;
- Ғылыми қызметкерлер мен университет оқытушыларына;
- Журналистерге.

ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- Жоғарыда аталған мемлекеттердің бірінің азаматы болу және сол елде тұру (Польшада тұрақты тұруға рұқсат картасының иегерлері Киркланд стипендиясына үміткер бола алмайды);
- Толық жоғарғы білім (магистр дәрежесі немесе 5 жыл специалист);
- Жас шамасы 35 жасқа дейін (негіздеуге мүмкін болған жағдайда 40 жасқа дейін);
- Жұмыс өтілі – кем дегенде 2 жыл;
- Өткен шетел стипендиясы (6 айдан артық болғанда) мен Киркланд бағдарламасы арасында кем дегенде 2 жыл болуы керек;
- Академиялық сабақтарға қатысуға және дипломдық жұмыс жазуға жеткілікті В1 деңгейде поляк тілін білу (деңгей интервью барысында анықталады);
- Украина мен Беларусь елдерінен басқа елдер үміткерлеріне ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламаны таңдаған жағдайда В2 деңгейінде ағылшын тілін білу (бұл жағдайда, поляк тілін бастапқы (пассивті, А1) деңгейде білу жеткілікті). Мазмұны бойынша біліктілігін дәлелдеген, бірақ поляк тілін жеткілікті білмейтін үміткерлер тілді жалғастырып оқуға мүмкіндік алады (бағдарлама менеджерінен оқу материалдарын алып дайындалу) және 2018 жылдың шілде-тамыз айларында ұйымдастырылатын тілдік емтиханнан өтеді.

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР БЕРІЛЕДІ:

- Өздерінің мамандығы бойынша, қоғамдық салаларда белсенді жұмыс атқарып жүрген үміткерлерге;
- Маңызды жетістіктерге қол жеткізген үміткерлерге;
- Осыған дейін Польшада оқымаған үміткерлерге;
- Поляк тілінде оқуды таңдап алған үміткерлерге.

ІРІКТЕУ:

Үш кезеңнен тұратын іріктеу нәтижесінде 45 ең үздік үміткерлер таңдалады.

I кезең – міндетті талаптарға сәйкестікті бағалау;

II кезең – үміткерлердің жобаларын бағалау (осы саладағы эксперттер бағалайды);

III кезең – біліктілікті анықтауға арналған сұқбаттасу (30.03 – 30.04.2018 аралығына жоспарланған).

Үміткер III кезеңге өткендігі жөніндегі хабарламаны және сұқбатқа шақыруды наурыз айының соңында электронды пошта арқылы алады. Сайыстың ақырғы нәтижесі туралы мәліметтер 2018 жылдың маусым айында электронды пошта арқылы хабарланады.

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

1. On-line режимде толтырылатын құжаттар:
 - Жеке мәліметтер сауалнамасы;
 - Ғылыми жоба. Жобада Киркланд Бағдарламасына қатысу себебіңіз бен болашақ жоспарларыңыз көрсетілу керек (пробелдерді қосқанда 4000-6000 белгі).
2. Үміткердің жетістіктері мен біліктілігін көрсететін және болашақта мамандығы бойынша немесе әлеуметтік салада кәсіби даму мүмкіншіліктерін сипаттайтын екі Ұсыныс хат (поляк, орыс немесе ағылшын тілдерінде), электрондық нұсқада жіберіледі.
3. Магистр (5 жыл специалист, PhD) дипломының көшірмесінің электрондық нұсқасы жіберіледі.

ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРУ ШАРТТАРЫ:

Бағдарламаның сипаттамасы мен құжаттарды толтырудың нұсқауын www.kirkland.edu.pl сайтынан табуға болады.

Сауанаманы on-line режимінде толтыру қажет.

Сауалнама on-line режимінде толтырылғаннан кейін, жүйе сіздің құжатыңызды қабылдағандығы туралы документ жариялайды. Сол документті баспадан шығарып, қол қойып, фото-суретіңізбен бірге бағдарламаның мекен-жайына пошта арқылы жіберуіңіз қажет.

Ұсыныс хаттар мен дипломдарды сканерден өткізіп мына электронды поштаға жіберу керек: kirkland@kirkland.edu.pl

Құжаттарды қабылдаудың соңғы күні:

1 наурыз 2018 жыл.

Жоғарыда көрсетілген мерзімнен кейін келген құжаттар сайыста қарастырылмайды.

БАҒДАРЛАМА ПАТРОНЫ

Лэйн Киркланд (1922-1999) америкалық кәсіподақтың (AFL-CIO) көп жылғы жетекшісі, Польша-Америка кәсіпкерлік қоры директорлар Кеңесінің мүшесі, Польша-Америка Еркіндік қорын құру жөніндегі бастамашылардың бірі. Өзінің беделі және қатысуымен 80-жылдарда Польшаның “Solidarność-Ынтымақтастық” қозғалысының жандануына күш берді. Сонымен қатар, басқа Орталық және Шығыс Еуропа халықтарының еркіндік сүйгіштігі және демократияға талпыныстарына түсіністікпен қарап, қолдап отырды. Оның еңбектері жоғары марапаттарға ие болды, соның ішінде АҚШ “Еркіндік Медалі” және Польшаның “Ақ Бүркіт медалі” марапаттаулары бар.

Контакттар:

Өзгерту Көшбасшылары Қоры
www.leadersofchange.pl

Киркланд Бағдарламасы
Al. Jerozolimskie 133 m. 56, 02-304 Warszawa
E-mail: kirkland@kirkland.edu.pl
www.kirkland.edu.pl

POLSKO-AMERYKAŃSKA
FUNDACJA WOLNOŚCI



POLISH-AMERICAN
FREEDOM FOUNDATION

ПОЛЬША-АМЕРИКА ЕРКІНДІК ҚОРЫ (ПАЕК) – бағдарлама демеушісі

ПАЕК өз қызметін 2000 жылдан бастады. ПАЕК басты мақсаты: демократия, азаматтық қоғамды нығайту, қоғамдық және жеке бастамалардың дамуына тең мүмкіндік беру, нарықтық экономиканы дамыту, сонымен қатар, қоғам трансформациясы саласында Польшаның тәжірибесімен Орталық және Шығыс Еуропа елдері өкілдерін таныстыру. ПАЕК өзінің қызметін Қордың кірісімен қаржыландырады, бұл қаражат көзі өз кезегінде, Польша-Америка кәсіпкерлік қорының (ПАКҚ) табысы болып саналады. Қазіргі таңда ПАКҚ, ПАЕК қаражатына 250 млн. АҚШ долларын аударған. 2000 жылдан бастап ПАЕК өзінің бағдарламаларын іске асыруда шамамен 100 млн. астам АҚШ долларын жұмсаған.

Қордың бағдарламалары ПАЕК бекіткен тәртіп пен ұстанымдарға сәйкес, әртүрлі Польшаның үкіметтік емес ұйымдарымен басқарылады.

Лэйн Киркланд стипендиялық бағдарламасы ПАЕК-ның 2000 жылдан бастап ұйымдастырылған ұзақ мерзімді бағдарламасы. ПАЕК және оның бағдарламалары жөнінде қосымша мәліметтерді ғаламтордан таба аласыз: www.pafw.pl



FUNDACJA
LIDERZY
PRZEMIANY

ӨЗГЕРТУ КӨШБАСШЫЛАРЫ ҚОРЫ – Бағдарлама администраторы

Қор 2016 жылдың ақпанында Польша-Американдық еркіндік қорымен құрылды. Қордың негізгі қызметіне поляк-американдық Еркіндік Қоры қаржыландыратын ұзақ мерзімді бағдарламалар кіреді: Лэйн Киркланд стипендиялық бағдарлама және «Польшаға оқу сапарлары». Қор сонымен қатар Польша-Америка еркіндігі қорының атынан Варшава Еуро-Атлантикалық Жазғы Академиясын (WEASA) бірлесіп ұйымдастырады.

Барлық бағдарламалар бірнеше жылдан бері өздерінің құрылғанына жауапты командалармен бірге жаңа Қорға берілді. Осындай профильдері бар бағдарламалардың комбинациясы және олардың бірлесіп құрылуына жаңа адамдардың қатысуы біздің қызметімізді кеңейтуге және байытуға мүмкіндік береді. Шығыс Еуропаның, Кавказ аймағының және Орталық Азияның белсенді адамдарының тәжірибесінен пайда алуға дайын адамдарға кең ұсыныс жасағымыз келеді. Қоғамдық және ҮЕМ секторларындағы академиялық нысандар мен мекемелермен бірлесіп біз Польшада тәжірибе және ғылыми зерттеулердің жаңа түрлерін ұсынамыз деп үміттенеміз.

Біз өзгерістер күшіне сенетін адамдарды жинаймыз.

Қор туралы қосымша ақпарат онлайн режимінде қол жетімді:

www.leadersofchange.pl